



Әкімші нұсқаулығы

Оглавление

1.	Әкімшілік ету	4
1.1	«Әкімшілік ету» бөліміне кіру	5
1.2	Бөлім туралы қосымша ақпарат	5
2.	«Параметрлер» блогы	6
2.1	Ұйым атауы мен логотипі	6
2.2	Байланыс деректері	8
2.3	Қосымша мәліметтер	8
2.4	Функциялар	9
2.5	Баға түрлері	10
2.6	Оқшаулау	11
2.7	Типтік жұмыстар салмағы	12
3.	«Анықтамалықтар» блогы	12
3.1	Пәндер	12
3.2	Ғимарат	13
3.3	Кабинеттер және орындар	14
3.4	Білім беру бағдарламалары	15
4.	«Сыныптар» блогы	16
4.1	«Пән»-«кабинет» байланысын орнату	16
4.2	Жаңа сыныпты құру	17
4.3	Сыныпты реттеу	19
4.4	Сынып логотипін өзгерту	21
4.5	Сыныпты жою	22
4.6	«Пән» - «сынып» байланысын орнату	23
4.7	Оқу топтарын құру	23
4.8	Оқу топтарын өңдеу және жою	25
4.9	«Оқу тобы» - «пәндер» байланысын орнату	26
4.10	Сыныптармен жұмыс	27
5.	«Адамдар» блогы	31
5.1	Кісілер мен қолданушылар	31
5.2	Қатысушыны қосу	32
5.3	Кісілерді импорттау	35
5.4	Қатысушының деректерін өңдеу	37
5.4.1	Білім алушының деректерін өңдеу	37
5.4.2	Қызметкерлердің деректерін өңдеу	40
5.4.3	Ата-ана деректерін өңдеу	41
5.5	Қатысушының деректерін жою	42
5.6	Қатысушыны тіркеу	42
5.7	Қатысушының кіруге арналған деректерін қалпына келтіру	44
6.	Есептік кезеңдер	45
6.1	Есептік кезеңді құру	45
6.2	Есептік кезеңді реттеу және жою	47
7.	«Кесте» модулімен жұмыс	48
7.1	Қоңыраулар кестесін құру	48
7.1.1	Қоңыраулар кестесін жариялау	50
7.1.2	Қоңыраулар кестесін өңдеу және жою	50

7.2	Сабақтар кестесін құру	51
7.2.1	Кесте сұлбасын құру	53
7.2.2	Кесте сұлбасын құру	58
7.2.3	Негізгі кестемен жұмыс	59
8.	«Журналдар» модулімен жұмыс.....	62
8.1	Пән журналы.....	63
8.1.1	Журналға үлгерімі туралы деректерді енгізу.....	64
8.1.2	Журналға сабаққа қатысуы туралы деректерді енгізу	64
8.2	Сабақ бойынша жоспарлауды толтыру.....	65
8.3	Сабақ парақшасы.....	67
8.4	Үй тапсырмасын беру	68
8.4.1	Сабақ парақшасынан үй тапсырмасын құру және беру	68
8.4.2	«Үй тапсырмалары» парақшасында үй тапсырмасын құру және беру	69
8.4.3	Үй тапсырмаларын «Сабақ бойынша жоспарлау» парақшасы арқылы құру және беру	71
8.4.4	Үй тапсырмаларын өңдеу және жою	72
8.4.5	Үй тапсырмасымен жұмыс істеу ерекшеліктері.....	72

1. Әкімшілік ету

Білім беру ұйымының электрондық профилін жасау, толтыру және құрастыру «Ұйымға әкімшілік ету» бөлімінің бетінен басталады (1 сурет).

The screenshot displays the administrative interface with the following sections:

- Адамдар (Users):**
 - Адамдар тізімі (User list) - Includes a search field and a 'Табу' (Find) button. Example: Мысалы, Иванов.
 - Жаңа адам (New user)
 - Импорттау (Import)
 - Шақырулар (Invitations)
 - Бұйрықтар (Commands)
- Сыныптар (Classes):**
 - Сыныптар тізімі (Class list) - Includes a search field and a 'Табу' (Find) button. Example: Мысалы, 7а.
 - Жаңа сынып (New class)
- Кесте (Schedule):**
 - Қоңыраулар (Notifications)
 - Есептік кезеңдер (Periods)
 - Сабақтар (Lessons)
 - ББМ-не алу туралы ақпарат (Information about taking BBM)
- Анықтамалықтар (Definitions):**
 - Пәндер (Subjects)
 - Ғимарат (Building)
 - Кабинеттер және орындар (Cabinets and seats)
 - ҰБТ және МҚК тапсырушылардың тізімдері (List of applicants for EBT and MCK)
 - Білім беру бағдарламалары (Education programs)
- Параметрлер (Parameters):**
 - Ұйым туралы (About organization)
 - Қосымша мәліметтер (Additional information)
 - Байланыс деректері (Contact information)
 - Функция (Function)
 - Логотип (Logo)
 - Баға түрлері (Fee types)
 - Оқшаулау (Isolation)
 - Типтік жұмыстар салмағы (Weight of typical work)
- Оқыту (Education):**
 - Көмек көрсету (Show help)

1 сурет – Әкімшілік ету

Осы бетте тақырыптық блоктар көрсетілген, олардағы тармақтар әр түрлі ақпаратпен жұмыс істеуге өту үшін арналған сілтемелер болып табылады:

- «Адамдар» блогы - «Күнделік» жүйесі қатысушыларының деректер қоймасын жасау және өңдеу;
- «Сыныптар» блогы - жүйеде сыныптарды жасау және оларда ақпаратты өңдеу;
- «Анықтамалықтар» блогы - мектеп ғимараттары, оқытылатын пәндер, сабақ өткізілетін кабинеттер мен орындар туралы ақпаратты енгізу және өңдеу;
- «Параметрлер» блогы - негізгі ақпаратты енгізу және мектеп профилінің бірқатар баптауларын жүзеге асыру мүмкіндігі;
- «Кесте» блогы - сыныптарға арналған сабақтардың кестесі бойынша деректерді енгізу және өңдеу;
- «Журналдар» модулі - білім алушылардың үлгерімдері және сабаққа қатысуы бойынша ақпаратты енгізу және өңдеу, үй тапсырмаларын беру.

«Көмек» блогындағы «Нұсқаулықтар» тармағын таңдау барысында «Күнделік» жүйесімен жұмыс істеу бойынша материалдар мен нұсқаулықтарға сілтемелерден тұратын, қолданушыларға қолдау көрсету порталы ашылады.


Әкімшінің және өңдеушінің қосымша құқықтарына ие болған қызметкерлер үшін «Әкімшілік ету» бөлімі қолжетімді. Әкімшіге бөлім толығымен қолжетімді, өңдеушіге, ол үшін ашық болып келетін деректермен жұмыс істеуге мүмкіндік беретін блоктардың тармақтары

ғана белсенді. Бұл пункттер қаріптің көк түсімен белгіленеді, ал қалғандары - сұр түсті.

1.1 «Әкімшілік ету» бөліміне кіру

«Ұйымға әкімшілік ету» бөлімінің парақшасына өту үшін:

- бас мәзірдің «Мектеп» пунктін көк фонда таңдау және басу;
- ашылған бетте «сомын кілті» белгісіне басу қажет (2 сурет):



2 сурет - «Әкімшілік ету» бөліміне өту

1.2 Бөлім туралы қосымша ақпарат

Әкімшілік ету операцияларына жылдам өту үшін бөлім беттерінде кездесетін және сәйкес операцияларды білдіретін стандартты белгілер ойлап табылған:

- «крест» белгісі - нысанды жою;
- «қосу» белгісі - нысанды қосу;
- «қарындаш» белгісі - нысанды өңдеу.

Шарлау тізбесі пайдаланушының сайт құрылымындағы жергілікті күйін білдіреді.

Ағымдағы әрекетке өту жүзеге асырылған бастапқы (кілттік) беттерге қайта оралу қажеттілігі туындаған жағдайда осы тізбектің сілтемесін пайдалануға болады (3 сурет).

[№1 Мектеп-гимназия](#) > [Әкімшілік ету](#) > [Кабинеттер және орындар](#)

Жаңа орын жасау

Немір немесе атауы

Толық атауы

Орын типі Бөлек ғимарат
 Кабинет

Қабат

[Жасау](#) [Жасау және тағы қосу](#) [немесе тізімге оралу](#)

3 сурет - Шарлау тізбесі

2. «Параметрлер» блогы

Нұсқаулықтың осы бөлімінде келесілер қарастырылған:

- Мектеп туралы негізгі деректерді енгізу және өзгерту. Оқу ғимараттарының атауы, сипаттамасы, логотипі, мекен-жайлары және байланыс ақпараты электрондық профиль парақшасында көрсетіледі. Бұл ақпарат барлық қатысушыларға көру үшін қолжетімді болады.
- Мектептің электрондық профилінің параметрлерін орнату және жұмыс үшін анықтамалықтарды жасау.

2.1 Ұйым атауы мен логотипі

Ұйым атауын өңдеу үшін келесі іс-әрекеттерді орындау қажет:

- «Әкімшілік ету» бөліміне кіру;
- «Параметрлер» блогында «Мектеп атауы» тармағын басу;
- мектептің қысқаша немесе толық атауын енгізу немесе өңдеу;
- «Сақтау» түймешігін басу.

Қажет болған жағдайда ұйымдастырушылық формасын, ұйымдастырушылық құрылымын, типін және түрін, меншік формасын, пайда болу күнін реттеуге болады, сондай-ақ мектептің сипаттамасын қосуға болады (4 сурет).

Ұйым туралы
Қосымша мәліметтер
Контактілер
Функция
Логотип
Оқшаулау

ББМ ұйым. формасы

Білім беру мекемесінің типі

ББМ түрі

Ұйымдық құрылымы

Меншік формасы

Басқарушы ұйым

Білім беру мекемесінің ашылу күні

Қысқаша атауы
Мысалы, № 1 мектеп

Толық атауы
Мысалы, № 1 орта білім беру мектебі

Дополнительное название (на момент реорганизации)

Сипаттама

B *I* x_2 x^2 Paragraph

Астана қаласы Білім басқармасы «№1 мектеп-гимназия» Мемлекеттік мекемесі мемлекеттік мекемесі Ақмола қалалық кеңесі атқару комитетінің қаулысымен 1956 жылы 10 желтоқсанда № 36 ер балалар мектебі ретінде құрылған. Қазіргі атауы 2010 жылы берілген.

4 сурет - «Ұйым туралы ақпарат» бөлімі

Ұйым логотипін таңдау немесе ауыстыру үшін келесі іс-әрекеттерді орындау қажет:

- жүктелетін логотипі бар файлды дайындау. Таңдалған файл келесі параметрлерге сай болуы тиіс:
 - логотип өлшемі: 150x150 пиксель;
 - рұқсат етілетін файл пішімдері: JPG немесе PNG;

- файл көлемі 4Мб-тан аспауы тиіс.

Ескерту: егер бастапқы файл аталған талаптарға сай болмаса, өзгертулерді енгізу немесе басқа файлды таңдау қажет.

- «Әкімшілік ету» бөліміне кіру;
- «Қарап шығу» түймешігін басу, ашылған терезеде алдын-ала дайындалған файлды табу, оны тінтуірді басу арқылы белгілеп, «Ашу» түймешігін басу. Файлға сілтеме «Қарап шығу» батырмасының жанында шығады;
- «Жүктеу» түймешігін басу.

Ескерту: логотипті ауыстыру үшін операцияны қайталау қажет. Логотипті жою үшін – «крест» белгісін басу.

2.2 Байланыс деректері

Байланыс ақпараты мектеп профилінің парақшасындағы «Контактілер» блогында көрсетіледі. Байланыс ақпаратын енгізу үшін келесі іс-әрекеттерді орындау қажет:

- «Әкімшілік ету» бөліміне кіру;
- «Параметрлер» блогында «Контактілер» тармағын басу;
- заңды мекен-жайды, нақты мекен-жайды, телефон нөмірлерін, факс, email және өз сайтына сілтемені енгізу немесе өңдеу.
- «Сақтау» түймешігін басу.

2.3 Қосымша мәліметтер

«Күнделік» жүйесінің параметрлерінде мектеп туралы қосымша мәліметтерді көрсетуге болады. Бұл ақпаратты толтыру міндетті емес. Қосымша мәліметтерді енгізу үшін келесі іс-әрекеттерді орындау қажет:

- «Ұйымға әкімшілік ету» бөліміне кіру;
- «Параметрлер» блогында «Қос. мәліметтер» тармағына басу;
- парақшада келесілерді көрсетуге болады:
 - заңды тұлғаның атауы;
 - заңды тұлғаның қысқаша атауы;
 - ӨКК, РНН, БИН, ИИК, БИҚ;
 - құрылтайшылар туралы деректер;
 - білім беру қызметтің түрлері;
 - лицензияның тіркеу нөмірі, сериясы, бланк нөмірі және әрекет ету мерзімінің басталу және аяқталу күндері;
 - мемл. аккредитациялау куәлігінің тіркеу нөмірі, сериясы, бланк нөмірі және әрекет ету мерзімі;

- сонымен қатар, куәлік бланкін, жарғыны, штаттық кестені жүктеуге болады;
- көрсетілген ақпаратты енгізіп, тексергеннен кейін, «Сақтау» түймешігін басу.

2.4 Функциялар

Мектептің электрондық профилі функцияларын оның қатысушылары үшін баптау мүмкіндігі бар (5 сурет). Функцияларды қосып, өшіруге болады, осы ретте ешқандай деректер жойылмайтын болады. Келесідей функциялар қолжетімді:

- **«Күнтізбе»** - функция ұйымның күнтізбесін қосуды қамтамасыз етеді. Ұйымның барлық қатысушылары оқиғаларды көре алады;
- **«Топтар»** - мектепте топтарды қосу. Ұйымның барлық қатысушылары сыныптарды көре алады;
- **«Форум»** - форумдарды қосу. Ұйымның барлық қатысушылары форумдарды көре алады;
- **«Файлдар»** - файлдар қоймасын қосу. Ұйымның барлық қатысушылары файлдарды көре алады;
- **«Қабырға»** - ұйым қабырғасын қосу. Ұйымның барлық қатысушылары онда хабарламаларды жаза алады;
- **«Бет»** - ұйым беттерін қосу функциясы. Ұйым қатысушылары барлық жасалған беттерді көре алады. Беттерді тек ұйым әкімшілері ғана жасап, өңдей алады;
- **«Сайт»** - көпшілік сайт функциясы. Ұйым қатысушылары барлық қосұлы функцияларды көре алады, қалғандарға тек ұйым профайлы ғана қолжетімді.

Нақты функцияларды орнату үшін келесі іс-әрекеттерді орындау қажет:

- «Ұйымға әкімшілік ету» бөліміне кіру;
- «Параметрлер» блогында «Функциялар» тармағын басу;
- бетте қажетті функцияларды таңдау және көрсету;
- «Сақтау» түймешігін басу.

Мектеп параметрлері

Ұйым туралы
Қосымша мәліметтер
Контактілер
Функция
Логотип
Оқшаулау

Күнтізбе
Мектеп күнтізбесін қосу. Мектептің барлық қатысушылары мектеп оқиғаларын көре алады.

- Мектептің кез-келген қатысушысы мектеп оқиғаларын жасай алады.
- Мектеп оқиғаларын тек мектеп қызметкерлері ғана жасай алады.

Топтар
Мектеп топтарын қосу. Мектептің барлық қатысушылары мектеп топтарын көре алады.

- Мектептің кез-келген қатысушысы топ оқиғаларын жасай алады.
- Мектеп топтарын тек мектеп қызметкерлері ғана құра алады.

Форумдар
Мектеп форумдарын қосу. Мектептің барлық қатысушылары форумдарды көре алады және онда хабарламалар жаза алады.

- Мектептің кез-келген қатысушысы форумда жаңа тақырыптарды жасай алады.
- Тек мектеп қатысушылары ғана форумда жаңа тақырыптарды жасай алады.

Файлдар
Мектептік файлдар қоймасын қосу. Мектептің барлық қатысушылары мектеп файлдарын көре алады.

- Мектептің кез-келген қатысушысы бумаларды жасап, файлдарды жүктей алады.
- Тек мектеп қызметкерлері ғана бумаларды жасап, файлдарды жүктей алады.

Қабырға
Мектеп қабырғасын қосу. Мектептің барлық қатысушылары онда жаза алады.

Бет
Парақшаларды қосу. Мектеп қатысушылары барлық жасалған парақшаларды көре алады.
Парақшаларды тек мектеп әкімшілері жасап, өңдей алады.

Сайт
Баршаға қолжетімді сайтты қосу. Мектеп қатысушылары барлық қосулы функцияларды көре алады, қалғандарға тек мектеп профайлы қолжетімді.
<http://schools.kundelik.kz/school.aspx?school=1000001000001>







Сақтау
немесе мектепке әкімшілік етуге оралу

5 сурет - Ұйым профиліндегі функциялар

2.5 Баға түрлері

«Күнделік» жүйесі білімді бағалаудың әр түрлі жүйелерін қолдайды: сынақтан өткен/өтпеген, 5-баллдық, 10-баллдық, 12-баллдық, 100-баллдық, Ауызша және Америкалық жүйе, сондай-ақ Тақырыптық баға (6 сурет). Бағалау жүйесін таңдау немесе өзгертулерді енгізу үшін келесі іс-әрекеттерді орындау қажет:

- «Әкімшілік ету» бөліміне кіру;
- «Параметрлер» блогында «Баға түрлері» тармағын басу;
- пайдаланылып жатқан бағалау жүйесін оның атауының сол жағындағы өрісте қанатшамен белгілеу. Қажет болған жағдайда бірнеше жүйені белгілеуге болады. Ауыстырғыш көмегімен «Қорытынды баға» бағанында қорытынды бағаларды қою үшін пайдаланылатын шәкілін таңдау;
- «Сақтау» түймешігін басу.

Бағалар түрі	Қорытынды баға	Сыртқы көрініс
<input checked="" type="checkbox"/> 5 баллдық жүйе 1-ден 5-ке дейінгі бағалар. Ең үздік баға 5. Плюс және минусты қоюға болады. Сынақтан өту немесе сынақтан өтпеу бағасын қоюға болады.	<input checked="" type="radio"/>	
<input type="checkbox"/> Америкалық жүйе А, В, С, D, F бағалары. Ең үздік баға А. Плюс және минусты қоюға болады. Сынақтан өту немесе сынақтан өтпеу бағасын қоюға болады.	<input type="radio"/>	
<input type="checkbox"/> 10 баллдық жүйе 1-ден 10-ге дейінгі бағалар. Ең үздік баға 10. Сынақтан өту немесе сынақтан өтпеу бағасын қоюға болады.	<input type="radio"/>	
<input type="checkbox"/> 12 баллдық жүйе 1-ден 12-ге дейінгі бағалар. Ең үздік баға 12. Сынақтан өту немесе сынақтан өтпеу бағасын қоюға болады.	<input type="radio"/>	
<input type="checkbox"/> 100 баллдық жүйе 1-ден 100-ге дейінгі бағалар. Ең үздік баға 100. Сынақтан өту немесе сынақтан өтпеу бағасын қоюға болады.	<input type="radio"/>	
<input type="checkbox"/> Ауызша жүйе "Керемет", "Өте жақсы", "Жақсы", "Жеткілікті", "Жеткіліксіз", "Жаман" бағалары. Таңдау үшін 6 баға. Сынақтан өту немесе сынақтан өтпеу бағасын қоюға болады.		
<input type="checkbox"/> Тақырыптық баға Мектепте тақырыптық бағаларды қосу.		

6 сурет - Баға түрлері

2.6 Оқшаулау

Қажет болған жағдайда мектеп профилінде үнсіздік бойынша орнатылған сағат белдеуін өзгертуге болады (7 сурет). Ол үшін келесі іс-әрекеттерді орындау қажет:

- «Әкімшілік ету» бөліміне кіру;
- «Параметрлер» блогында «Оқшаулау» тармағын басу;
- ашылған беттегі қалқымалы тізімде орналасқан жер үшін нақты сағат белдеуін таңдау;
- «Сақтау» түймешігін басу.

Сағат белдеуі

(UTC+06:00) Астана

7 сурет – Оқшаулау

2.7 Типтік жұмыстар салмағы

Әкімші типтік жұмыстардың салмағын реттей алады. Бұл реттеу ата-аналар мен оқушылардың журналдары мен күнделіктерінде орташа өлшенген балды есептеу үшін қажет. Егер мектепте барлық типтік жұмыстарының салмақтары 1-ге тең болса, «орташа өлшенген балл» бағаны журналда көрсетілмейді.

Жұмыстар салмағын реттеу үшін келесі іс-әрекеттерді орындау қажет:

- «Әкімшілік ету» бөліміне кіру;
- «Параметрлер» блогында «Баға түрлері» тармағын басу;
- «Жұмыстар салмағы» қойындысын ашу;
- қажетті мәндерді қойып шығу;
- өзгертулерді енгізу үшін «Сақтау» түймешігін басу.

Орташа өлшенген балл – жүйеде автоматты түрде есептелетін оқушының үлгерімінің талдамалы көрсеткіші, ол жалпы санында бағалар қойылған әр жұмыстың салмағын есепке алады.

Орташа өлшенген баллды есептеуге арналған формула = (бағаларды олардың салмақтарына туындысы) / (осы бағалардың салмақтар қосындысы).

Есептеу үлгісі: бақылау жұмысы үшін «5» және «4», сабақтағы жауап үшін «3». Бақылау жұмыстарының салмағы - 10 балл, сабақтағы жауап салмағы - 1 балл. Орташа өлшенген балл = $(5*10+3*1+4*10)/(10+1+10)=4,43$.

3. «Анықтамалықтар» блогы

Нұсқаулықтың осы бөлігінде мектеп профилін төмендегі тармақтар бойынша реттеу үшін ақпаратты енгізу және өңдеу қарастырылған:

- ұйымда оқытылатын пәндер;
- сабақтар өткізілетін ғимараттар, кабинеттер және орындар;
- білім беру бағдарламалары.

3.1 Пәндер

«Пәндер» бөлімі мектепте оқытылатын пәндер тізімімен жұмыс істеу үшін жасалған. Пәндер тізімін «Әкімші» құқықтары бар қызметкерлер жасайды (8 сурет). Бөлімде пән туралы ақпаратты өңдеу және жою мүмкіндігі бар.

Жаңа пәнді қосу үшін келесі әрекеттерді орындау қажет:

- «Әкімшілік ету» бөліміне кіру;
- «Анықтамалықтар» блогында «Пәндер» тармағын басу;
- «Пәнді қосу» түймешігін басу;
- пәннің қысқаша және толық атауын енгізу;
- «Жасау» немесе «Жасау және тағы қосу» түймешігін басу.

Ескерту: қысқаша атау сабақтар кестесінде қажет, басқа бөлімдерде пәннің толық атауы көрсетіледі.

Пән туралы ақпаратты өңдеу үшін келесі іс-әрекеттерді орындау қажет:

- «Әкімшілік ету» бөліміне кіру;
- «Анықтамалықтар» блогында «Пәндер» тармағын басу;
- қажетті пәннің атауын басу;
- сәйкес өрістерде дұрыс ақпаратты жою және енгізу;
- «Сақтау» түймешігін басу.

Орын/кабинетті жою үшін келесі іс-әрекеттерді орындау қажет:

- «Әкімшілік ету» бөліміне кіру;
- «Анықтамалықтар» блогында «Пәндер» тармағын басу;
- «Пәнді жою» түймешігін басу;
- «Жою» түймешігін басу арқылы жоюды растау.

Қысқаша атауы
 Мысалы, Дене шынықтыру.

Толық атауы
 Мысалы, Дене шынықтыру.

Білім саласы

Есептердегі көріну деңгейі

Куәландырумен

Куәландырусыз (үлгерімі және сабаққа қатысуы бойынша есептерде көрсетілмейді)

8 сурет – Пән параметрлері

3.2 Ғимарат

«Ғимараттар» бөлімінде оқу ғимараттары туралы ақпарат бар (9 сурет). Ұйымда бір немесе бірнеше ғимарат болуы мүмкін. Ғимаратты құру үшін келесі іс-әрекеттерді орындау қажет:

- «Әкімшілік ету» бөліміне кіру;
- «Анықтамалықтар» блогында «Ғимараттар» тармағын басу;
- «Ғимаратты қосу» түймешігін басу;
- «Атауы», «Мекен-жайы», «Сипаттама» өрістерін толтыру;
- «Жасау» түймешігін басу.

Ғимарат туралы ақпаратты өңдеу үшін:

- «Әкімшілік ету» бөліміне кіру;
- «Анықтамалықтар» блогында «Ғимараттар» тармағын басу;
- қажетті ғимараттың атауын басу;
- сәйкес өрістерде дұрыс ақпаратты жою және енгізу;
- «Сақтау» түймешігін басу.

Ғимаратты жою үшін келесі іс-әрекеттерді орындау қажет:

- «Әкімшілік ету» бөліміне кіру;
- «Анықтамалықтар» блогында «Ғимараттар» тармағын басу;
- қажетті ғимараттың атауын басу;
- «Ғимаратты жою» батырмасын басу;
- «Ия, жою» түймешесін басу арқылы жоюды растау.

Ескерту: осы ғимаратта орналасқан оқыту кабинеттері туралы ақпарат «Кабинеттер мен орындар» анықтамасына қосылмайынша ғимаратты жою мүмкін болмайды.

Мектеп ғимараттарының тізімі

	Атауы	Кабинеттер
Бас ғимарат		13
Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, «Test» ауданы, Республика даңғылы, 2		

9 сурет – Ұйым ғимараттарының тізімі

3.3 Кабинеттер және орындар

«Кабинеттер мен орындар» бөлімі сабақ өткізілетін орындар туралы нақты ақпараттарды қамтиды (10 сурет). Анықтама деректері сабақтар кестелерін құру барысында қолданылады, одан кейін қолданушылардың парақшаларында көрінеді.

Ұйымға жаңа орынды/кабинетті қосу үшін келесі іс-әрекеттерді орындау қажет:

- «Әкімшілік ету» бөліміне кіру;
- «Анықтамалықтар» блогында «Кабинеттер мен орындар» тармағын басу;
- «Орынды қосу» түймешесін басу;
- «Нөмірі немесе атауы», «Толық атауы» өрістерін толтыру (орынның нөмірі немесе

атауы кестеде көрінетін болады);

- «Орын типін» көрсету: берілген орын немесе кабинет, қабат орналасқан ғимарат;
- «Жасау» немесе «Жасау және тағы қосу» түймешігін басу.

Ұйымдағы кабинеттер және орындар туралы ақпаратты өңдеу үшін келесі іс-әрекеттерді орындау қажет:

- «Әкімшілік ету» бөліміне кіру;
- «Анықтамалықтар» блогында «Кабинеттер мен орындар» тармағын басу;
- қажетті кабинеттің атауына басу;
- сәйкес өрістерде дұрыс ақпаратты жою және енгізу;
- «Сақтау» түймешігін басу.

Орын/кабинетті жою үшін келесі әрекеттерді орындау қажет:

- «Әкімшілік ету» бөліміне кіру;
- «Анықтамалықтар» блогында «Кабинеттер мен орындар» тармағын басу;
- «Орынды жою» түймешігін басу;
- «Ия, жою» түймешесін басу арқылы жоюды растау.

Ескерту: кабинет/орын туралы ақпарат сабақ кестесіне енгізілмеген жағдайда ғана оны жоюға болады.

Кабинеттер және орындар

[Орынды қосу](#)

Барлығы

Бас ғимарат

Атауы

Орын типі

Барлығы
▼

Табу

Барлығы 12 кабинет және орын

Немірі/атауы	Толық атауы	Ғимарат	
Кабинет №1	Кабинет №1	Бас ғимарат	
Кабинет №10	Кабинет №10	Бас ғимарат	
Кабинет №11	Кабинет №11	Бас ғимарат	
Кабинет №12	Кабинет №12	Бас ғимарат	
Кабинет №2	Кабинет №2	Бас ғимарат	
Кабинет №3	Кабинет №8	Бас ғимарат	
Кабинет №4	Кабинет №4	Бас ғимарат	
Кабинет №5	Кабинет №5	Бас ғимарат	
Кабинет №6	Кабинет №6	Бас ғимарат	
Кабинет №7	Кабинет №7	Бас ғимарат	

10 сурет – Ұйым кабинеттерінің тізімі

3.4 Білім беру бағдарламалары

Білім беру бағдарламалары білім мазмұнын анықтайды. Білім мазмұны нәсіліне, ұлтына,

этникалық, діни және әлеуметтік жағдайына қарамастан адамдар, халықтар арасындағы өзара түсіністік пен ынтымақтастықты қамтамасыз етуі керек, дүниетанымдардың алуан түрлілігін ескеруі керек, білім алушылардың пікірлер мен тұжырымдамаларды еркін таңдау құқығын жүзеге асыруға ықпал етуі керек, әрбір адамның қабілеттіліктерін жетілдіруді, оның тұлғасын отбасында және қоғамда қабылданған рухани-адамгершілік және әлеуметтік-мәдени құндылықтарға сәйкес қалыптастыруды және дамытуды қамтамасыз етуі тиіс.

Білім беру бағдарламасын ендіру үшін келесі іс-әрекеттерді орындау қажет:

- «Әкімшілік ету» бөліміне кіру;
- «Анықтамалықтар» блогындағы «Білім беру бағдарламалары» тармағын басу;
- «Бағдарламаны қосу» түймешесін басу;
- көрсету:
 - атауы;
 - бағдарлама түрі;
 - бағдарлама типі;
 - пән;
 - сынып;
 - қосымша көрсетуге болады: жүзеге асыру формасы, білім беру жүйесі, негізге алынған бағдарлама және бағдарлама авторлары.
- «Жасау» немесе «Жасау және тағы қосу» түймешесін басу.

«Бағдарламаны өңдеу» режимінде білім беру бағдарламасын өңдеуге, көшіруге және жоюға болады.

4. «Сыныптар» блогы

Нұсқаулықтың берілген бөлімінде келесілерге мүмкіндік беретін операциялар сипатталған:

- сыныптар тізімін құру;
- сыныптар туралы ақпаратты енгізу және өңдеу;
- оқу жылы біткен бойда сыныптарды ауыстыру немесе шығару;
- сыныптарды жою.


4.1 «Пән» - «кабинет» байланысын орнату

Оқу пәндері көбінде бір кабинетте өткізіледі. Жүйеде **«пән» - «кабинет»** байланысын орнатқан жағдайда, кестеде сабақ деректерін толтыру процесінде, жүйе әрбір пән үшін құрылымы бойынша дара болып келетін тізімді түрлендіреді.

Жүйеде **«пән» - «кабинет»** байланысын орнату ұсынылады, себебі ол алдағы уақытта кестені құру процесін барынша жеңілдетеді, алайда міндетті болып табылмайды.

«Пән» - «кабинет» байланысын орнату үшін келесі іс-әрекеттерді орындау қажет:

- «Әкімшілік ету» бөліміне кіру;
- «Анықтамалықтар» блогында «Пәндер» тармағын басу;
- жалпы тізімдегі пән атауы бар сілтемені басу;
- «Кабинеттер» қосымшасын басу;
- сол жақ бағанада қажетті сілтемені басу (11 сурет):
 - **«Барлығы»** – кабинеттердің толық тізімі шығады;



11 сурет - Кабинеттер тізімі

- **оқу ғимаратының атауы**, мысалы, **«Кітапханалық корпус»** - егер пән тек оқу ғимаратында өткізілетін болса және осы ғимаратта орналасқан кабинеттер арасында байланыс орнату қажет болса;
- берілген пән бойынша сабақтар өткізілетін кабинеттердің нөмірлеріне қарама-қарсы ашылған тізімде «Бекіту» басу (12 сурет).

Кабинет №1	Кабинет №1	Бас ғимарат	Жою
Кабинет №10	Кабинет №10	Бас ғимарат	Бекіту
Кабинет №11	Кабинет №11	Бас ғимарат	Бекіту

12 сурет - «пән»-«кабинет» байланысын орнату

Құрылған байланысты жою үшін таңдалған кабинетке қарама-қарсы **«Жою»** басу қажет.

«Пәнмен байланысты» сілтемесі «пән»-«кабинет» байланысын **жою үшін қолайлы болатын** кабинеттердің бірдей атаулы тізімін ашады.

4.2 Жаңа сыныпты құру

Ұйымның профилінде жаңа сыныпты құру үшін келесі іс-әрекеттерді орындау қажет (13 сурет).

- «Әкімшілік ету» бөліміне кіру;
- «Сыныптар» блогында «Жаңа сынып» тармағын басу.

Ашылған беттегі өрістерді сәйкес деректермен толтыру қажет:

- сыныптың коды;

- сыныптың атауы (қажет болған жағдайда толтырылады);
- ауысым;
- максималды топтырылуы (қажет болған жағдайда толтырылады);
- сыныптың типі;
- параллель;
- есептік кезең;
- қоңыраулар кестесі;
- сабақтардың нөмірленуі (кестеде бар нөлдік сабақтар көрсетіледі);
- сипаттама;
- Сынып жетекшісінің Толық аты-жөні (түсірілетін тізімнен қызметкердің Толық аты-жөні таңдалынады);
- қызметкердің сынып жетекшісі ретінде жұмыс істеп бастаған күні;
- Психологтың Толық аты-жөні (түсірілетін тізімнен қызметкердің Толық аты-жөні таңдалынады);
- «Жасау» түймешігін басу.

Жаңа сыныпты жасау

Сынып коды
Мысалы, 1-а немесе 10-б

Атауы
Қажет болған жағдайда толтырылады. Мысалы, Физико-математикалық

Ауысым

Ең үлкен топтасу, адам
Қолданыстағы СанЕмН талаптарына сай

Сынып типі

Параллель Түлектер сыныбы

Оқу жылы

Есептік кезең

Қоңыраулар кестесі

Сабақтардың белгіленуі Кестедегі сабақтардың нөлдiк нөмірлерін қосу
 Кестеде сабақтардың нөлдiк нөмірлерін өшіру

Сипаттама

Қызметкерлер

Сынып жетекшісі

Сынып жетекшісі ретінде жұмысқа кіру күні:

13 сурет - Жаңа сыныпты құру

4.3 Сыныпты реттеу

Сынып профилін өңдеу үшін келесі іс-әрекеттерді орындау қажет (15 сурет):

- «Әкімшілік ету» бөліміне кіру;
- қажетті сыныпты табу және оның атауына басу.

Ескерту: сыныпты іздеу және таңдау үшін «Сыныптар» блогындағы іздеу қатарын (қатарға сыныптың атауын енгізу және «Табу» басу қажет) немесе мектептегі барлық сыныптардың тізімі бар бетті пайдалану қажет (ол үшін «Сыныптар тізімі» тармағын басу қажет).

Ашылған сынып парақшасында реттеу режиміне келесі әдістер арқылы өтуге болады:

- «Өңдеу» қосымша бетін басу;
- экранның оң жағындағы «Өңдеу» сілтемесін басу (14 сурет);

Ескерту: реттеу парақшасы сыныпты құру бетіне ұқсас. Өзгерістерді енгізіп, «Сақтау»

түймешесін басу қажет.

Сынып параметрлері: Демо-6

2015/2016 оқу жылы

[Қарап шығу](#)

[Өңдеу](#)

[Оқушылар](#)

[Оқу топтары](#)

[Логотип](#)

[Білім беру бағдарламалары](#)

Сынып деректері

Сынып коды	Демо-6 Сынып парақшасы
Атауы	Демонстрационный класс
Ауысым	Первая смена
Ең үлкен топтасу, адам	15
Сынып типі	Жалпы білім беру
Параллель	6
Оқу жылы	2015/2016
Есептік кезең	Бастапқы сыныптар үшін
Қоңыраулар кестесі	Негізгі қоңырау кестесі
Бірінші сабақ №	1
Оқушылар	9
Жасау күні	20 ақпан 2016

Өңдеу

[2016 /2017 оқу жылына ауыстыру](#)

[Мұрағатқа өткізу](#)

[Жою](#)

[Кесте](#)

Сынып қызметкерлері



Ибрагимова Мадина Сулейменовна
Сынып жетекшісі

14 сурет - Сыныпты баптау

Сынып параметрлері: Демо-6

2015/2016 оқу жылы

[Қарап шығу](#)
[Өңдеу](#)
[Оқушылар](#)
[Оқу топтары](#)
[Логотип](#)
[Білім беру бағдарламалары](#)

Сынып коды
?

Атауы

Ауысым

Ең үлкен топтасу, адам
Қолданыстағы СанЕМН талаптарына сай

Сынып типі

Параллель Түлектер сыныбы

Есептік кезең

Қоңыраулар кестесі

Сабақтардың белгіленуі
 Кестедегі сабақтардың нөлдік нөмірлерін қосу
 Кестеде сабақтардың нөлдік нөмірлерін өшіру

Сипаттама

15 сурет – Сыныпты өңдеу

4.4 Сынып логотипін өзгерту

Сынып логотипін құру үшін келесі іс-әрекеттерді орындау қажет (16 сурет):

- жүктелетін логотипі бар файлды дайындау. Таңдалған файл келесі параметрлерге сай болуы тиіс:
 - логотип өлшемі: 150x150 пиксель;
 - рұқсат етілетін файл пішімдері: JPG немесе PNG;
 - файл көлемі 4Мб-тан аспауы тиіс.

Ескерту: егер бастапқы файл аталған талаптарға сай болмаса, өзгертулерді енгізу немесе басқа файлды таңдау қажет.

- «Әкімшілік ету» бөліміне кіру;
- қажетті сыныпты табу және оның атауына басу;
- «Қарап шығу» түймешігін басу, ашылған терезеде алдын-ала дайындалған файлды табу, оны тінтуірді басу арқылы белгілеп, «Ашу» түймешігін басу. Файлға сілтеме


«Қарап шығу» батырмасының жанында шығады;

- «Жүктеу» түймешігін басу.

Ескерту:

- егер бастапқы файл аталған талаптарға сай болмаса, қажетті өзгертулерді жүзеге асыру немесе басқа файлды таңдау қажет;
- сыныпты іздеу және таңдау үшін «Сыныптар» блогындағы іздеу қатарын (қатарға сыныптың атауын енгізу және «Табу» басу қажет) немесе мектептегі барлық сыныптардың тізімі бар бетті пайдалану қажет (ол үшін «Сыныптар тізімі» тармағын басу қажет);
- логотипті ауыстыру үшін операцияны қайталау қажет. Логотипті жою үшін – «крест» белгісін басу.

Мектеп параметрлері



16 сурет - Сынып логотипі

4.5 Сыныпты жою

Сынып профилін жою үшін келесі іс-әрекеттерді орындау қажет:

- «Әкімшілік ету» бөліміне кіру;
- қажетті сыныпты табу және оның атауына басу;
- экранның оң жағындағы «Жою» сілтемесін басу;
- «Ия, жою» түймешесін басу арқылы жоюды растау.

Ескерту:

- сыныпты жою, егер профильде өз аккаунтын белсендірген оқушылар жоқ болса ғана мүмкін болады.
- сыныпты іздеу және таңдау үшін «Сыныптар» блогындағы іздеу қатарын (қатарға сыныптың атауын енгізу және «Табу» басу қажет) немесе барлық сыныптардың тізімі бар

бетті пайдалану қажет (ол үшін «Сыныптар тізімі» тармағын басу қажет).


4.6 «Пән» - «сынып» байланысын орнату

Әрбір оқу пәні белгілі параллельдердің оқу курсына кіреді. Жүйеде **«пән» - «сынып» байланысын** орнатқан кезде кестеде сабақ деректерін толтыру процесінде жүйе әрбір сынып үшін пәндердің таңдамалы тізімдерін түрлендіреді.

Жүйеде **«пән» - «сынып»** байланысын орнату ұсынылады, себебі ол алдағы уақытта кестені құру процесін барынша жеңілдетеді, алайда міндетті болып табылмайды.

«Пән» - «сынып» байланысын орнату үшін келесі іс-әрекеттерді орындау қажет (17 сурет):

- «Әкімшілік ету» бөліміне кіру;
- «Анықтамалықтар» блогында «Пәндер» тармағын басу;
- жалпы тізімдегі пән атауы бар сілтемені басу;
- «Сыныптар» қосымша бетіне басу;
- көрсету: пән мектеп бойынша барлығына немесе белгілі бір параллельдерде оқытылады. Егер «Таңдалынған параллельдер» тармағы белгіленген болса, қалқымалы тізімдердің көмегімен пән оқытылатын параллельдерді көрсетуге болады;
- «Сақтау» түймешігін басу. Қажет болған жағдайда операцияны қайталау қажет.



Пән мектептің барлығында жүргізіледі


Таңдалған параллельдер

бастап 9 дейін 10 сыныптар

17 сурет - «Пән» - «сынып» байланысын орнату

4.7 Оқу топтарын құру

Сабақтар кестесін дұрыс құру үшін әрбір сыныпта оқу топтарын алдын-ала құру қажет. Оқу топтарын құру және баптау бойынша барлық әрекеттер өңдеу режимінде сынып парақшасында жүзеге асырылады (18 сурет).



18 сурет - Оқу топтары

Оқу топтарын құру үшін келесі іс-әрекеттерді орындау қажет:

- «Сыныпты өңдеу» бөліміне кіру;
- «Оқу топтары» қосымша бетіне басу;
- «Топты құру» түймешігін басу;
- білім алушылардың бөліну тәсілін таңдау:
 - «Қолмен» - жалпы тізімнен сыныпты құру үшін білім алушыларды таңдауды қызметкерлері жүзеге асырады;
 - «Ұлдар/Қыздар» - білім алушылардың тізімін жыныстық белгілері бойынша автоматты түрде екі бөлікке бөлу;
 - «Әліпби бойынша екі бөлікке» - білім алушылардың тізімін әліпбилік реттілік бойынша екі бөлікке бөлу.
- «Ары қарай» түймешігін басу.

Ашылған бетте білім алушыларды таңдауды жүзеге асыру немесе осыған дейін таңдалынған бөлу тәсіліне қарай автоматты түрде бөлу нәтижелерін тексеру қажет:

- «Қолмен»: бетте қызметкер білім алушыларды ішкі топтар арасында өз бетінше үлестіреді;
- «Ұлдар/Қыздар»: бетте 2 оқу тобы ұсынылған, олардың біреуінде барлық қыздардың Толық аты-жөні, екіншісінде - барлық ұлдардың Толық аты-жөні болады. Қызметкер тізімнің дұрыстығын тексереді және қажет болған жағдайда түзетулерді енгізеді.
- «Әліпби бойынша екі бөлікке»: бетте білім алушыларды әліпбилік реттілік бойынша екі бөлікке бөлу нәтижелері ұсынылған. Қызметкер тізімнің дұрыстығын тексереді және қажет болған жағдайда түзетулерді енгізеді.

Әрі қарай құрылған оқу топтарының қысқаша (кестеде көрінуі үшін) және толық атауларын енгізу және «Топты құру» түймешігін басу қажет (19 сурет).

Сынып түймешігіне басқаннан кейін **«Ұлдар/Қыздар»** және **«Әліпби бойынша екі бөлікке»** бөлу тәсілдерімен құрылғандар оқу топтарының жалпы тізімінде көрінеді. **«Қолмен»** құру тәсілі үшін алдымен құрылған топ туралы ақпарат және сыныптың үлестірілмеген бөлігіндегі білім алушылардың тізімі көрінеді. Бұл тақырыптық оқу топтарының қажетті саны құрылып, және сыныптағы білім алушылардың барлығы үлестірілмейінше білім алушыларды таңдау операциясын қайталауға мүмкіндік береді. Барлық оқу топтары құрылып болған кезде «Шебердің жұмысын аяқтау» түймешігін басу қажет.

Жаңа оқу тобы

1. Бөлу әдісі → 2. Оқушыларды таңдау

Ұл балалар

Қысқаша атауы
Мысалы, Ұл балалар

Толық атауы
Мысалы, Ұл балалар тобы

Қыз балалар

Қысқаша атауы
Мысалы, Қыз балалар

Толық атауы
Мысалы, Қыз балалар тобы

<input checked="" type="checkbox"/>	Алтынбаев Дулат Сатпаевич	<input checked="" type="checkbox"/>	Абдрашева Мәлдір Саматқызы
<input checked="" type="checkbox"/>	Жубанов Берік Мақсатұлы	<input checked="" type="checkbox"/>	Габдуллина Айдана Егембердіқызы
<input checked="" type="checkbox"/>	Мустафин Мақсат Курманғалиевич	<input checked="" type="checkbox"/>	Джумалиева Динара Мейіржанқызы
		<input checked="" type="checkbox"/>	Есимова Қарлығаш Нұржановна
		<input checked="" type="checkbox"/>	Жампеисова Жұлдыз Мухтарқызы
		<input checked="" type="checkbox"/>	Исабекова Ақпал Жұмановна

Топтардың атауларын енгізіңіз және осы топқа түспеуі қажет оқушылардан жалаушыларды алып тастаңыз.

< Артқа Топтарды құру Шебер жұмысын аяқтау

19 сурет - Оқу тобын құру

4.8 Оқу топтарын өңдеу және жою

Оқу топтарының деректерімен жұмыс істеу барысында атауларды (қысқаша және толық) және қатысушылардың тізімдерін өңдеу мүмкіндігі қолжетімді болады. Ол үшін келесі іс-әрекеттерді орындау қажет:

- «Сыныпты өңдеу» бөліміне кіру;
- «Оқу топтары» қосымша бетін ашу;
- қатесі бар оқу тобына басу;
- қажетті ақпаратты өңдеу: атауы немесе білім алушылардың тізімі;
- «Сақтау» түймешігін басу.


Қатысушыны қосу үшін келесі іс-әрекеттерді орындау қажет (20 сурет):

- «Сыныпты өңдеу» бөліміне кіру;

- «Оқу топтары» қосымша бетін ашу;
- қатысушыны қосу қажет болған оқу тобына басу;
- қосу үшін бір немесе бірнеше білім алушыларды қанатшалармен белгілеу;
- «Топқа» түймешігін басу;
- мүшеліктің басталу күнін көрсету (көрсетілген күн қатысушының сәйкес топқа мүшелікке алынған күні ретінде жүйеге енгізілетін болады);
- «Сақтау» түймешігін басу.

Қатысушыны жою үшін келесі іс-әрекеттерді орындау қажет (20 сурет):

- «Сыныпты өңдеу» бөліміне кіру;
- «Оқу топтары» қосымша бетін ашу;
- артық білім алушылары бар оқу тобын басу;
- бір немесе бірнеше білім алушыларды қанатшамен белгілеу;
- «Топтан» түймешігін басу;
- мүшеліктің аяқталу күнін көрсету (көрсетілген күн қатысушының сәйкес топқа мүшелігінің аяқталған күні ретінде жүйеге енгізілетін болады);
- «Сақтау» түймешігін басу.



20 сурет - Оқу тобының қатысушысын қосу және жою

Оқу тобын жою үшін келесі іс-әрекеттерді орындау қажет:

- «Сыныпты өңдеу» бөліміне кіру;
- «Оқу топтары» қосымша бетін ашу;
- жою қажет болған оқу тобын басу;
- «Топты жою» сілтемесін басу;
- «Ия, жою» түймешесін басу арқылы жоюды растау.

Ескерту: сыныптың пәнін жою, егер кесте құрылмаған болса ғана мүмкін болады.

4.9 «Оқу тобы» - «пәндер» байланысын орнату

Берілген байланысты орнату сынып сабақтарының кестесін құру процесін жылдамдатуға көмектеседі. Қажетті:

- сынып парақшасына өңдеу режимінде өту;
- «Оқу топтары» қосымша бетін ашу;
- оқу тобының атауы бар сілтемені басу;
- «Пәндер» қатарына қарама-қарсы тұрған «Таңдау» сілтемесін басу;
- ашылған терезеде таңдалынған оқу тобымен байланысты пәндерді белгілеу;
- «Сақтау» түймешігін басу.

Деректерді өңдеу қажет болған жағдайда үшін «Өзгерту» сілтемесін басып, қажетті өзгерістерді енгізу қажет. Аяқтау үшін - «Сақтау» түймешігін басу.


4.10 Сыныптармен жұмыс

Әкімшіге оқу жылы аяқталғанда сыныптың тарихымен жұмыс істеуге және осы өзгерістерді мектептің профилінде көрсетуге мүмкіндік беретін келесі операциялар қолжетімді (21 сурет).

Жаңа оқу жылына көшу. Сыныпты жаңа оқу жылына толық құраммен көшіруді жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

- Білім алушыларды жаңа оқу жылына іріктеп көшіру. Сыныпты жаңа оқу жылына бөліктеп көшіруге мүмкіндік береді.
- Шығару/мұрағатқа көшіру. Аяқталған оқу жылында сыныптың тарихын жабуды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Ескерту: егер сынып жаңа оқу жылына көшірілмейтін болса (мысалы, екі сыныптан бір сынып құрылған немесе сынып шығарылған), онда сынып баптаулары парақшасындағы «Шығару/мұрағатқа көшіру» түймешігінің көмегімен сыныптың тарихын жабу қажет. Оқу жылы аяқталғаннан кейін барлық сыныптар келесі оқу жылына немесе мұрағатқа көшірілуі тиіс.



21 сурет - Сыныппен жұмыс істеу бойынша операциялар

Сыныптың тарихын сәтті жүргізу үшін келесі операцияларды орындаңыз:

- Егер сынып толық құраммен келесі оқу жылына көшірілетін болса, «Сыныпты жаңа оқу жылына көшіру» - «Бүкіл сыныпты» операциясын орындау қажет.

- Егер сыныпты бөліктеп тарату қажет болса, онда «Сыныпты жаңа оқу жылына көшіру» - «Іріктеп» операциясын қолдану немесе мектеп әкімшісінің көмегіне жүгіну қажет.
- Егер сыныпты жабу (шығару) қажет болса, онда «Шығару/мұрағатқа көшіру» операциясын пайдалану қажет. Білім алушылар автоматты түрде алынып тасталынады және «Мұрағатқа» көшіріледі.

Сынып жаңа оқу жылына немесе мұрағатқа көшірілген кезде бұл жағдай аяқталған оқу жылындағы сынып тізімінде «Сыныптар» бөлімінде көрінетін болады. Тізімде қабылданған түстік кодтау операцияны жүргізу кезінде жөн табуға мүмкіндік береді:

- жаңа оқу жылына көшірілген сыныптың коды қара түспен көрсетілген;
- сұр түспен - мұрағатқа көшірілген сыныптың коды көрсетілген;
- көк түспен - мұрағатқа да, жаңа оқу жылына да әлі көшірілмеген сыныптың коды көрсетіледі.


4.10.1 Бүкіл сыныпты жаңа оқу жылына көшіру

Сыныпты толық құраммен жаңа оқу жылына көшіру үшін келесі іс-әрекеттерді орындау қажет:

- «Сыныпты өңдеу» бөліміне кіру;
- «Қарап шығу» қосымша бетін ашу;
- ашылған сынып парақшасында («Қарап шығу» қосымша бетінде) экранның оң жағындағы «Жаңа оқу жылына ауыстыру» сілтемесін басу;
- «Жалпы сынып» таңдау (22 сурет);
- «Ары қарай» түймешігін басу;
- сыныптың жаңа атауын және параллельді көрсету. Қажет болған жағдайда «Түлектер сыныбы» қанатшасын қою.
- «Ары қарай» түймешігін басу.

Ескертулер:

- берілген операцияны жүргізу барысында аяқталған оқу жылындағы сыныптың профилінде орналастырылған негізгі ақпарат сақталынатын болады;
- қажет болған жағдайда көшу туралы бұйрықтың күнін, типін және нөмірін көрсетуге болады.



22 сурет - Жаңа оқу жылына көшу нұсқалары

4.10.2 Сыныптағы білім алушыларды жаңа оқу жылына іріктеп көшіру

Сыныпты жаңа оқу жылына іріктеп көшіру үшін келесі іс-әрекеттерді орындау қажет:

- «Сыныпты өңдеу» бөліміне кіру;
- «Қарап шығу» қосымша бетін ашу;
- ашылған сынып парақшасында («Қарап шығу» қосымша бетінде) экранның оң жағындағы «Жаңа оқу жылына ауыстыру» сілтемесін басу;
- «Таңдалған оқушылар» таңдау (23 сурет);
- «Ары қарай» түймешігін басу;
- оқу жылын көрсету, тізімнен сыныпты, ауыстыру типін («Нақты» немесе «Қате салдарынан») таңдау және жаңа оқу жылына көшірілетін білім алушыларды таңдау;
- «Көшіру» түймешігін басу.

Қалған білім алушыларды шығару немесе «Мұрағатқа» көшіру қажет.

Ескертулер:

- берілген операцияны жүргізу үшін мектеп әкімшісі білім алушылар болашақта көшірілетін жаңа оқу жылындағы жаңа сыныптың профилін алдын-ала құрып алуы тиіс;
- қажет болған жағдайда көшу туралы бұйрықтың күнін, типін және нөмірін көрсетуге болады.
- «Нақты» көшу типін таңдау барысында мүшеліктің басталу күнін көрсету қажет.

1. Ауыстыру типі → 2. Параметрлер → 3. Растау

23 сурет - Сыныпты ауыстыру шебері

4.10.3 Сыныпты шығару және «Мұрағатқа» көшіру

Сыныпты «Мұрағатқа» көшіру үшін келесі іс-әрекеттерді орындау қажет:

- «Сыныпты өңдеу» бөліміне кіру;
- «Қарап шығу» қосымша бетін ашу;
- ашылған сынып парақшасында экранның оң жақ бөлігіндегі «Шығару/мұрағатқа өткізу» сілтемесін басу.

Сыныпты «Мұрағатқа» өткізу барысында барлық қатысушылар мектептің профилінен алынып тасталынады. Егер сыныптар қате шығарылған болса, сыныпты қалпына келтіруге болады. Осы ретте барлық білім алушылар «Сыныпта болды» қатарында есептеледі. Білім алушыларды тек біртіндеп қалпына келтіруге болады.

Сыныпты қалпына келтіру үшін келесі іс-әрекеттерді орындау қажет:

- «Әкімшілік ету» бөліміне кіру;
- қажетті сыныпты табу және оның атауына басу;
- «Сыныпты өңдеу» режимінде «Мұрағаттан қалпына келтіру» оң жақтағы сілтемеге басу;
- қалпына келтіруді растау.

Білім алушыларды қалпына келтіру үшін келесі әрекеттерді орындау қажет:

- «Әкімшілік ету» бөліміне кіру;
- «Адамдар тізіміне» өту және «Мұрағат» қосымша бетін басу;
- жойылған білім алушыны табу және оның профилінің параметрлеріне өту;
- экранның оң жақ бөлігінде дұрыс сыныпты, оқу жылын, типін және қалпына келтіру күнін көрсете отырып «Мұрағаттан қалпына келтіру» таңдау.

Осындай операцияны әрбір білім алушы үшін қайталау қажет.

5. «Адамдар» блогы

Нұсқаулықтың бұл бөлігі келесі сипаттамаларды қамтиды:

- деректер қоймасын құру процесі және «Күнделік» жүйесінің қатысушыларын тіркеу;
- мектептің электронды профилі қатысушыларының тізіміне қолжетімділік;
- ұйымның профилінде қатысушылардың деректерімен жұмыс.

5.1 Кісілер мен қолданушылар

Білім беру процесінің субъектілері «Күнделік» жүйесінің қатысушыларына айналады: қызметкерлер, білім алушылар, білім алушылардың ресми өкілдері (ата-аналар; асырап алушылар немесе қамқоршылар; және т.б.). Білім беру процесіндегі қатысушының рөлі оның мектеп профиліндегі әр түрлі ақпараттарға қолжетімділік деңгейін анықтайды. Желіде қауіпсіз түрде тіркелу үшін қатысушылардың әрқайсысы жүйеге оның жеке деректерін енгізу барысында түрлендірілетін бірегей шақыру логині мен құпия сөзіне ие болады. Дербес логині мен құпия сөзі бар шақыру әрбір қатысушыға дербес түрде табысталады.

Жүйеде қатысушылар кісілерге және қолданушыларға жіктеледі:

- **Кісілер** деп деректері жүйеге енгізіліп қойған, алайда тіркеу кезеңінен өтпеген қатысушылар аталады.
- **Қолданушы** тіркеуден сәтті өткен қатысушы болып табылады. Желідегі әрбір қолданушының өзі туралы негізгі ақпараттар көрсетілетін және онымен қарым-қатынас жасау құрал-саймандары берілетін жеке парақшасы бар.

Әрбір қолданушыға қолжетімді болатын мектеп профиліндегі қатысушылардың тізіміне өту үшін келесі іс-әрекеттерді орындау қажет:

- көк түсті шарлау жолағында «Мектеп» сілтемесін басу;
- ашылған мектеп профилінде «Адамдар» қосымша бетіне басу қажет.

Қатысушылардың жалпы тізімінде кісілердің Толық аты-жөні сұр түспен, ал қолданушылардың Толық аты-жөні жасыл түспен белгіленген. Қолданушының Толық аты-жөні қатары оның жеке парақшасына сілтеме болып табылады.

Мектеп профилінің қатысушыларының тізіміне тек мектеп әкімшілеріне ғана қолжетімді болатын «Ұйымға әкімшілік ету» арқылы өту үшін келесі іс-әрекеттерді орындау қажет:

- «Әкімшілік ету» бөліміне кіру;
- «Адамдар» блогындағы «Адамдар тізімі» тармағын басу.

Қолданушылар, яғни осыған дейін тіркелген қатысушылар тізімде Толық аты-жөні сол жағында «алақан» таңбашасымен белгіленген. Логотип белгісіне басу қатысушының жеке

парақшасына өтуге мүмкіндік береді. Толық аты-жөні қатары Толық аты-жөні оң жағындағы «қарындаш» белгісіне секілді деректерді өңдеу режиміне өтуге арналған сілтеме болып табылады.

Білім алуды немесе мектептегі жұмыс қызметін аяқтауына байланысты қатысушылардың жалпы тізімінен алынып тасталған кісілер мен қолданушылардың тізіміне өту үшін «Мұрағат» қосымша бетін ашу қажет. Берілген тізімдегі қолданушылар желіге қолжетімділік және бірқатар қызметтерді пайдалану мүмкіндігінен шеттетілмейді, яғни оларға «Күнделік» жүйесінің әлеуметтік бөлігі қолжетімді. Қажет болған жағдайда мектеп әкімшісі кісіні немесе қолданушыны мектеп профиліне қайтара алады.

5.2 Қатысушыны қосу

Қатысушылардың деректерін жүйеге енгізу келесі тәсілдермен жүзеге асырылады (24 сурет):

- жаңа тұлғаны жасау;
- басқа мектептерден қолданушыны қосу.

Жаңа тұлғаны жасау

1. Тұлғаны қосу әдісі ➡ 2. Тұлғаны қосу ➡ 3. Деректерді тексеру

- Тұлғаны қосу әдісін таңдаңыз

- Жаңа тұлға.**
Тұлға әзірше Kundelik.kz пайдаланушысы ретінде тіркелмеген.
- Жүйеде бар пайдаланушы (осы немесе басқа ББМ-нен).**
Пайдаланушы Kundelik.kz тіркелген және сіз оның жүйеге кіруге арналған пайдаланушы атын білесіз.

[Ары қарай>](#) немесе адамдар тізіміне оралу

24 сурет - Тұлғаны жасау тәсілдері

Жаңа тұлғаны жасау үшін, мысалы, оқу жылы бойында мектепте білім беру процесінің жаңа қатысушысы (қызметкер, білім алушы, ата-ана) пайда болған жағдайда қажетті. Жаңа кісіні қалыптастыру үшін келесі іс-әрекеттерді орындау қажет (25 сурет):

- «Әкімшілік ету» бөліміне кіру;
- «Адамдар» блогындағы «Жаңа адам» тармағын басу. Сонымен қатар, бұл операцияға «Адамдар тізімі» тармағын және беттің оң жақ жоғарғы бұрышындағы «Тұлғаны қалыптастыру» сілтемесін басу арқылы өтуге болады;
- қатысушыны қосу тәсілін таңдау - «Жаңа тұлға» және «Ары қарай» басу;
- ашылған бетте деректерді енгізу:
 - кісінің білім беру процесіндегі рөлі;

- мектепке кел күні;
- жаңа кісінің жеке деректері: Толық аты-жөні, туылған күні, жынысы;
- байланыс деректері (толтыру міндетті емес);
- «Ары қарай» түймешігін басу;
- енгізілген ақпараттарды тексергеннен кейін «Жасау» түймешігін немесе тағы да жаңа кісіні қалыптастыру үшін «Жасау және тағы қосу» түймешігін басу.

Ескерту: қатысушының әкесінің аты енгізуге міндетті ақпарат болып табылмайды.

Жаңа тұлғаны жасау

1. Тұлғаны қосу әдісі → 2. Тұлғаны қосу → 3. Деректерді тексеру

Мектептегі рөлі

Қызметкер
 Директор
 Директор орынбасары
 Оқу ісінің меңгерушісі
 Мұғалім
 Оқушы
 Ата-ана

Мектепке келу күні

Жеке деректер

Тегі
 Аты
 Әкесінің аты
 Туылған күні
 Жынысы Ер Өйел
 ЖДШСН
 Мысалы, 123-123-123 11

25 сурет - Жаңа тұлғаны жасау

Егер қызметкер немесе білім алушы «Күнделік» жүйесінің қатысушысы болып табылса, жаңа кісіні құру қажеттілігі жоқ. Осы қолданушыны іздеп және оған мектеп профилінде дұрыс рөлді тағайындау жеткілікті. Ол үшін (26 сурет):

- «Әкімшілік ету» бөліміне кіру;
- «Адамдар» блогындағы «Жаңа адам» тармағын басу. Сонымен қатар, бұл операцияға «Адамдар тізімі» тармағын және беттің оң жақ жоғарғы бұрышындағы «Тұлғаны қалыптастыру» сілтемесін басу арқылы өтуге болады;
- қатысушыны қосу тәсілін таңдау - «Жүйеде бар пайдаланушы» және «Ары қарай» басу;
- ашылған бетте деректерді енгізу:
 - тұлғаның мектептегі рөлі;
 - келу күні;
 - жаңа кісінің жеке деректері: тегі және аты, логин;
- «Ары қарай» түймешігін басу;
- енгізілген ақпараттарды тексергеннен кейін «Жасау» түймешігін немесе тағы да жаңа кісіні қалыптастыру үшін «Жасау және тағы қосу» түймешігін басу.

Ескерту: қатысушылар тізіміне «Күнделік» жүйесінде профилі бар ата-ананы қосу «туысқан»-«білім алушы» байланысын орнату барысында жүргізіледі.

Жаңа тұлғаны жасау

1. Тұлғаны қосу әдісі → 2. Тұлғаны қосу → 3. Деректерді тексеру

- Пайдаланушының деректерін енгізіңіз

Мектептегі рөлі

- Қызметкер
- Директор
 - Директор орынбасары
 - Оқу ісінің меңгерушісі
 - Мұғалім
- Оқушы

Мектепке келу күні

Жеке деректер

Тегі

Аты

Пайдаланушы аты

< Артқа

Ары қарай >

26 сурет – Ұйымның профиліне жүйеде бар қолданушыны қосу

5.3 Кісілерді импорттау

Импорттау процедурасын бастау үшін қызметкерлердің, білім алушылардың және ата-аналардың деректері бар xls (Microsoft Excel 97-2003) немесеxlsx (Microsoft Excel 2007) пішімді бастапқы файлдарды дайындау қажет. Бір файл тек қызметкерлердің, бір сыныптағы білім алушылардың, бір сыныптың ата-аналарының немесе бір уақытта бір сыныпта білім алушылар мен ата-аналардың деректерін қамтуы тиіс. Деректерді импорттау барысында құжаттың бірінші бетіндегі бағаналарда келесі мағлұматтар көрсетілуі тиіс: **Толық аты-жөні, жынысы, туылған күні**. Бағаналардың атаулары міндетті емес, **Толық аты-жөні** бір бағанада болуы мүмкін (бір бос жол арқылы).

Қызметкерлер деректерін импорттаудан бастау қажет, әрі қарай білім алушылардың, одан кейін ата-аналардың деректері импортталады, өйткені ата-аналар деректерін импорттау білім

алушылардың деректерін енгізгеннен кейін ғана мүмкін болмақ.

Кісілерді импорттау үшін келесі іс-әрекеттерді орындау қажет (27 сурет):

- «Әкімшілік ету» бөліміне кіру;
- «Адамдар» блогындағы «Импорт» тармағын басу;
- импорттау үшін алдын-ала дайындалған файлды таңдау;
- ашылған бетте келесіні таңдау қажет:
 - импортталатын кісілердің категориясы;
 - бағандардың сәйкестігі: Толық аты-жөні, туылған күні, жынысы;
 - мектепке келген күні.
- «Импорттау» тармағына қанатша қойып шығу.

Егер деректерді тексеру барысында қате анықталса, сәйкес хабарлама пайда болады. Хабарламаның мәтінімен танысып шыққаннан кейін қателерді түзетіп, импорттауды басынан бастау қажет.

Егер алдын-ала тексеріс сәтті жүзеге асырылған болса, импорттауды растау үшін «Импорттау» түймешігін басу қажет.

Ескерту: ата-аналардың деректерін импорттау барысында осы қадамда «ата-ана»-«білім алушы» байланысын орнату қажет болады: сыныптағы білім алушылардың түсірілетін тізіміндегі «Бала» бағанында ата-ананың Толық аты-жөні қарама-қарсы оның баласының Толық аты-жөні таңдау.

Ата-ананың деректерін файлдан импорттауға тиым салынады, егер:

- ол қызметкер болып табылса, және оның деректері осыған дейін енгізілген болса;
- ол «Күнделік» жүйесіне басқа оқу орнының қызметкері ретінде тіркелген болса;
- оның бір немесе әр түрлі оқу орындарында білім алатын бірнеше балалары бар болса;
- ата-аналардың деректерінің орнына жүйенің қорына атасы/апасы, өгей әкесі/өгей анасы, асырап алушысы (ресми өкілі) туралы деректер енгізіледі.

Берілген жағдайлардың барлығында туысқанының деректерін енгізу және жүйеде қатысушылар арасындағы байланыстарды орнату білім алушы туралы деректерді өңдеу кезінде ғана жүзеге асырылады.

Кімді импорттаймыз?

Жүктелген анықталды файлында **10** адам.

Мектеп қызметкерлері
 Оқушылар

Ата-аналар
 Оқушылар мен ата-аналар

Бағандардың сәйкестігі

Файлдағы баған *	Kundelik.kz деректер
Абдрашева	Тегі
Мөлдір	Аты
Саматқызы	Әкесінің аты
әйел	Жынысы
16-қар-95	Туылған күні

27 сурет – Кісілерді импорттау

5.4 Қатысушының деректерін өңдеу

Қатысушының деректерін өңдеумен байланысты операцияларға өту үшін келесі іс-әрекеттерді орындау қажет:

- «Әкімшілік ету» бөліміне кіру;
- «Адамдар» блогындағы «Адамдар тізімі» тармағын басу;
- қатысушыны тізімнен іздеу үшін іздеу қатарын пайдалану (кісілердің тізімін олардың жүйедегі рөліне сәйкес ашуға мүмкіндік беретін сол жақтағы блоктағы сүзгілер де іздеу процесін жылдамдатуға көмектеседі);
- қатысушының деректерін өңдеу режиміне өту үшін Толық аты-жөні қарама-қарсы «қарындаш» таңбашасын немесе *Толық аты-жөні* басу. «Жеке деректер» қосымша бетінде қатысушының парақшасы ашылады.

Ескерту: өңдеу барысында кісілердің парақшалары арасында өтуді жүзеге асыру үшін терезенің жоғарғы сол жағындағы «нұсқарлар» түймешіктерін пайдаланыңыз.

5.4.1 Білім алушының деректерін өңдеу

Дербес деректерді өңдеу үшін келесі іс-әрекеттерді орындау қажет:

- білім алушының профилінде «Жеке деректер» қосымша бетін ашу (28 сурет);
- өшіру және дұрыс ақпаратты енгізу: Толық аты-жөні, туылған күні, байланыс деректері;
- «Сақтау» түймешігін басу.

№1 Мектеп-гимназия > Әкімшілік ету > Адамдар



Джумалиева Динара Мейіржанқызы

Оқушы

Қарап шығу

Жеке деректер

Жетістіктер

Көшу

Бұйрықтар

Пайдаланушы аты ж

Тегі	<input type="text" value="Джумалиева"/>
Аты	<input type="text" value="Динара"/>
Әкесінің аты	<input type="text" value="Мейіржанқызы"/>
Жынысы	<input type="radio"/> Ер <input checked="" type="radio"/> Әйел
Туылған күні	<input type="text" value="23-қар-04"/>
Место рождения	<input type="text"/> Мысалы, Самара қ.
Азаматтық	<input type="text" value="Тізімнен елді таңдаңыз"/> ▾ ГОСТ 7.67-2003 сәйкес мемлекет коды
Белгі	<input type="text"/>

28 сурет – Білім алушының деректерін өңдеу

Білім алушының сыныбы туралы ақпаратты өңдеуге арналған операциялар бар:

- «Басқа сыныпқа көшіру» - білім алушының оқу сыныбын өзгертуге арналған операциясы (мысалы, білім алушы қате түрде сыныпқа қосылған, бір оқу жылы шеңберінде, сондай-ақ жаңа оқу кезеңінде/жылында бір сыныптан басқа сыныпқа

көшірілген).

- «Мектептен шығару» - білім алушыны білім алуды аяқтауына байланысты мектеп профилінен шығаруға арналған операциясы.

Білім алушыны басқа сыныпқа көшіру үшін келесі іс-әрекеттерді орындау қажет:

- білім алушының профилінде «Қарап шығу» қосымша бетін ашу;
- экранның оң жағындағы «Басқа сыныпқа көшіру» сілтемесін басу;
- дұрыс оқу жылын көрсету, сыныпты таңдау (қажет болған жағдайда білім алушыны көшіру күнін, типін және бұйрық нөмірін көрсетуге болады);
- «Ары қарай» түймешігін басу.

«Басқа сыныпқа көшіру» операциясын таратылған сыныптардағы білім алушылар үшін қолдануға болады. Осылайша, білім алушыларды жаңа оқу жылында жаңа сыныпқа іріктеп көшіруге болады.

Білім алушыны мектеп профилінен шығару үшін келесі іс-әрекеттерді орындау қажет:

- білім алушының профилінде «Қарап шығу» қосымша бетін ашу;
- экранның оң жағындағы «Мектептен шығару» сілтемесін басу;
- кету себебін көрсету (қажет болған жағдайда білім алушыны шығарған күнін, типі мен бұйрық нөмірін көрсетуге болады);
- «Ары қарай» түймешігін басу;
- «Ия, шығарылсын» түймешігін басу арқылы шығаруды растау.

Ескерту:

- *«Ұйымнан шығару» операциясы тек білім алушы немесе қызметкерлер рөліндегі кісілер үшін және қолданушылар үшін қолданылады. Ата-аналардың деректері «Мектептен шығару» операциясын орындау кезінде білім алушылардың деректерін «Мұрағат» тізіміне орналастыру барысында автоматты түрде «Қазір мектепте» тізімінен жойылады;*
- *шығарылған қолданушы үшін «Қарым-қатынас», «Байқаулар» бөлімдеріндегі бірқатар қызметтер қолжетімді болады, сондай-ақ «Қосымшалар Орталығы» бөліміндегі материалдарды пайдалану мүмкіндігі сақталады. Алайда ұйым бойынша жалпыға қолжетімдіден басқа ақпарат ол үшін жабық болады.*

«Туысқан-білім алушы» байланысын орнату үшін келесі іс-әрекеттерді орындау қажет:

- білім алушының профилінде «Туысқандар» қосымша бетін ашу;
- «Туысқанды қосу» түймешігін басу;
- туысқанды қосу әдісін таңдау:
 - «Жаңа пайдаланушы»- туысқан жүйедегі қолданушы ретінде әлі енгізілмеген.
 - «Сіздің мектебіңізден» - туысқан, осы мектептің қолданушысы ретінде тізімде бар (ата-ана немесе қызметкер ретінде).

- «Басқа мектептен» - туысқан басқа мектепте тіркелген.
- «Ары қарай» түймешігін басу.

Таңдалынған қосу тәсіліне байланысты келесі іс-әрекеттерді орындау қажет (29 сурет):

- «Жаңа пайдаланушы»: «Жеке деректер» блогында ұйымдағы рөлін көрсету, тегін, атын, туылған күнін, жынысы мен байланыс деректерін (байланыс деректері қалауы бойынша) енгізу.
- «Сіздің мектебіңізден»: пайда болған қызметкерлердің және ата-аналардың тізімінен қажетті қолданушыны таңдау, оның Толық аты-жөнін басу.
- «Басқа мектептен»: қолданушының тегін, атын және логинін енгізу.

Туысқанды қосу

1. Туысқанды қосу әдісі → 2. Туысқанды қосу → 3. Деректерді тексеру

• Туысқанды қосу әдісін таңдаңыз

- Жаңа пайдаланушы.**
Туысқан өзінше Kundelik.kz пайдаланушысы ретінде тіркелмеген.
- Сіздің мектебіңізден.**
Туысқан мектеп пайдаланушыларының тізімінде бұрыннан бар (ата-ана немесе қызметкер ретінде).
- Басқа мектептен.**
Туысқан басқа мектепте тіркелген және сіз оның Kundelik.kz кіруге арналған пайдаланушы атын білесіз.

[Ары қарай>](#)

29 сурет – Туысқанды қосу әдісі

Нәтижесінде туысқандық байланыс түрін көрсетуге және деректерді тексеруге арналған парақша ашылады. Туысқанның деректері блогында «Туысқандық түрі» қатарында төмен түсірілетін тізімнің көмегімен білім алушы үшін көрсетілген қолданушы кім болатынын атап көрсету қажет: анасы/әкесі; әжесі/атасы; өкіл әкесі/өкіл анасы; асырап алушысы. Ары қарай - «Байланыстыру» түймешігін басу.

Ескерту: «туысқан-білім алушы» байланысын өңдеу үшін дұрыс емес байланысты жүйеден жою қажет болатын ата-ананың Толық аты-жөнін қарама-қарсы «крест» таңбашасына басу. Байланысты жою туысқан профилін мектеп профилінен жоюға алып келеді. Ары қарай жаңа, дұрыс туысқандық байланысты құру қажет.

5.4.2 Қызметкерлердің деректерін өңдеу

Қызметкердің жеке деректерін өңдеу үшін келесі іс-әрекеттерді орындау қажет:

- қызметкердің профилінде «Жеке деректер» қойындысын ашу;
- өшіру және дұрыс ақпаратты енгізу: Толық аты-жөні, туылған күні, байланыс


деректері;

- мектептегі лауазымы туралы деректерді енгізу, лауазымның көпшілік атауы, оқу процесіндегі жұмысбастылықты, санатын, білімін және педагогикалық қызмет басталған күнді көрсету (қажет болған жағдайда);
- мектеп профиліндегі қосымша құқықтарды көрсету, егер қызметкер оларға ие болса:
 - әкімші;
 - өңдеуші;
- «Сақтау» түймешігін басу.

Жүйеде «пән»-«мұғалім» байланысын **орнатуға болады**, ол пән-мұғалімінің есебін құру шарты болып табылады және алдағы уақыттағы кестені құру процесін жеңілдетеді.

«Пән»-«мұғалім» байланысын орнату үшін келесі іс-әрекеттерді орындау қажет (30 сурет):

- «Әкімшілік ету» бөліміне кіру;
- «Анықтамалықтар» блогында «Пәндер» тармағын басу;
- жалпы тізімдегі **пән атауы бар сілтемені** басу;
- **«Мұғалім»** қосымша бетін басу;
- таңдалынған пәнді оқытатын мұғалімдердің Толық аты-жөні қарама-қарсы тізімде **«Бекіту»** басу.

Абдрахманова Гүлмира Алибекқызы	Мұғалім		Бекіту
Аргынбайұлы Әбіш Оспанұлы	Мұғалім		Жою
Ахметов Нурлан Серикбайұлы	Директор, Мұғалім		Бекіту

30 сурет – «Пән»-«мұғалім» байланысын орнату

Орнатылған байланысты жою қажет болған жағдайда **«Жою»** басу.

5.4.3 Ата-ана деректерін өңдеу

Дербес деректерді өңдеу үшін келесі іс-әрекеттерді орындау қажет:

- ата-ана профилінде «Жеке деректер» қойындысын ашу;
- өшіру және дұрыс ақпаратты енгізу: Толық аты-жөні, туылған күні, байланыс деректері;
- «Сақтау» түймешігін басу.

«Туысқан»-«білім алушы» байланысын өңдеу үшін келесі іс-әрекеттерді орындау қажет:

- ата-ана профилінде «Балалар» қосымша бетін ашу;
- ашылған терезеде деректерімен дұрыс емес байланысты жүйеден жою қажет болатын баланың Толық аты-жөніне қарама-қарсы орналасқан «крест»

таңбашасына басу.

Ескерту: байланысты жою туысқан профилін мектептен жоюға алып келеді. Жүйенің жалпы қорында туысқан деректері сақталынады.

5.5 Қатысушының деректерін жою

Қатысушының деректерін жою үшін келесі іс-әрекеттерді орындау қажет:

- «Әкімшілік ету» бөліміне кіру;
- «Адамдар» блогындағы «Адамдар тізімі» тармағын басу;
- қатысушыны тізімнен іздеу үшін іздеу қатарын пайдалану (кісілердің тізімін олардың жүйедегі рөліне сәйкес ашуға мүмкіндік беретін сол жақтағы блоктағы сүзгілер де іздеу процесін жылдамдатуға көмектеседі);
- қатысушының деректерін өңдеу режиміне өту үшін Толық аты-жөнінің қарама-қарсы «қарындаш» таңбашасын немесе Толық аты-жөніне басу. «Жеке деректер» қосымша бетінде қатысушының парақшасы ашылады;
- «Тұлғаны жою» және жоюды растау сілтемесін басу.

Ескерту: «Тұлғаны жою» сілтемесі қате енгізілген деректерді жою үшін кісінің профиліндегі әкімшілерге қолжетімді. Егер жүйенің қатысушысы тіркеліп қойған болса, деректерді жүйенің қорынан жою қолданушыларды қолдау қызметіне арнайы сұраныс жіберу арқылы жүзеге асырылады. Қолданушының мектеп бойынша ақпаратқа қолжетімділігін шектеу үшін «Мектептен шығару» операциясын орындау қажет.

5.6 Қатысушыны тіркеу

Қатысушының деректерін енгізгеннен кейін жүйеде қатысушының жүйеге тіркелуі үшін қолданылатын, ең алғашқы рет кіруге арналған бірегей пайдаланушы аты және уақытша құпиясөзі автоматты түрде түрлендіріледі. Бірінші рет кіруге арналған пайдаланушы аты және құпиясөзді ұсыну нұсқалары келесідей:

- бірінші рет кіруге арналған пайдаланушы аты мен құпиясөзді басып шығару, және оны қатысушыға дербес түрде табыс ету (ұсынылады);
- бірінші рет кіруге арналған пайдаланушы аты мен құпиясөзді қатысушының электронды поштасына жіберу (дербес түрде табыс ету мүмкін болмаған жағдайда қолданылады).

Тіркелуге қажетті деректерді басып шығару үшін келесі іс-әрекеттерді орындау қажет:

- «Әкімшілік ету» бөліміне кіру;
- «Адамдар» блогындағы «Шақырулар» тармағын басу;
- бірінші рет кіруге арналған пайдаланушы аты және құпиясөзді тарату қажет болған кісіні немесе қатысушылардың кісілерін қанатшамен белгілеу. «Іздеу»

функциясының опциялары берілген сипаттамалар бойынша тізімнен кісілерді таңдауға мүмкіндік береді (мысалы, барлық қызметкерлерді немесе бір сыныпта білім алушыларды) (31 сурет);

- «Басып шығару» түймешігін басу. Таңдалынған қатысушыларға берілетін шақыруларды басып шығаруға арналған файлдың дайын нұсқасы бар терезе ашылады.

Kundelik.kz шақырулар

Барлығы

Оқушылар 12

Қызметкерлер 0

Ата-аналар 0

Бұл жерде әлі Kundelik.kz сайтына кіріп көрмеген пайдаланушылар ғана көрсетіледі. Олардың пайдаланушы аттары мен уақытша құпиясөздерін басып шығаруыңызға болады.

АТЫ-ЖӨНІ

Сынып Табу

Табылған адамдар: 12

Басып шығару

<input type="checkbox"/>	АТЫ-ЖӨНІ	Қызмет	Сынып
<input type="checkbox"/>	Боданов Алексей Егорович	Оқушы	1В
<input type="checkbox"/>	Васнецов Егор Максимович	Оқушы	1В
<input type="checkbox"/>	Гончарова Ирина Дмитриевна	Оқушы	1В
<input type="checkbox"/>	Ежова Кристина Игоревна	Оқушы	1В
<input type="checkbox"/>	Житнова Татьяна Алексеевна	Оқушы	1В
<input type="checkbox"/>	Зимний Антон Петрович	Оқушы	1В
<input type="checkbox"/>	Ильюшин Филипп Сергеевич	Оқушы	1В
<input type="checkbox"/>	Утарбаев Аман Манасович	Оқушы	11а

31 сурет – Тіркеуге арналған шақыру

Бірінші рет кіруге арналған логин және құпиясөзді жіберу әрбір қатысушының профилінде дербес түрде жүзеге асырылады (32 сурет). Ол үшін келесі іс-әрекеттерді орындау қажет:

- қатысушының профилінде «Қарап шығу» қосымша бетін ашу;
- «Шақыруды жіберу» түймешігін басу;
- пайда болған өріске қатысушының email енгізу және «Шақыру» түймешігін басу (33 сурет).

Ескерту: электронды пошта мекен-жайын мұқият толтырыңыз. Көрсетілген мекен-жайға тіркелуге шақыртуы бар хат жіберілетін болады.

№1 Мектеп-гимназия > Әкімшілік ету > Адамдар

◀ ▶ **Богданов Алексей Егорович**

Оқушы

Қарап шығу

Жеке деректер

Жетістіктер

Көшу

Бұйрықтар

Туысқандар

Жеке деректер

АТЫ-ЖӨНІ	Богданов Алексей Егорович
Жынысы	Ер
Жас	19 жыл
Туылған күні	20 қыркүйек 1996 ж.
Email	-
Үй телефоны	-
Мобильді телефон	-
Жұмыс телефоны	-

Мектепте

Сынып	1В
Қызмет	Оқушы
Жасалған	10 наурыз 2016
Мектепке келу күні	14 шілде 2011 ж.

Сайтта

Пайдаланушы Kundelik.kz жүйесіне әлі кірмеген

Бірінші рет кіруге арналған деректер:

Пайдаланушы аты

Уақытша құпиясөз

Шақыру жіберу

32 сурет – Шақыру таратылымы

Тұлғаны Kundelik.kz шақыру

[Тұлғаның парақшасына оралу](#)

Email

Шақыру

Электрондық пошта мекенжайын мұқият толтырыңыз! Көрсетілген мекенжайға Kundelik.kz сайтында тіркелуге шақыруы бар хат жіберіледі.


33 сурет – Қатысушының email енгізуге арналған терезе

5.7 Қатысушының кіруге арналған деректерін қалпына келтіру

Мектеп әкімшісі қызметкерлерге, білім алушыларға және олардың ата-аналарына кіруге арналған жоғалған деректерді қалпына келтіру үшін өкілетті. Ол үшін келесі іс-әрекеттерді орындау қажет:

- қатысушының профилінде «Пайдаланушы аты және құпиясөз» қосымша бетін ашу 34 сурет);
- «Қазіргі құпиясөзді ысыру» түймешігін басу;
- аккаунт иесіне пайдаланушы аты және уақытша құпиясөзді дербес түрде хабарлау.

Ескерту: уақытша құпиясөз арқылы кіргеннен кейін жүйе оны тұрақтыға ауыстыруға автоматты түрде ұсыныс жасайды.



34 сурет – Кіруге арналған деректерді қалпына келтіру

6. Есептік кезеңдер

Мектепте білім алушылардың әр түрлі топтары (оқытудың, параллельдің, жеке сыныптардың сатылары және т.б.) үшін есептік кезеңдердің әр түрлі типтері қабылдануы мүмкін. Егер кезеңдердің типі бірдей болса, олардың басталу және аяқталу күндері қосымша әр түрлі болуы мүмкін.

Осы ерекшеліктерді ескере отырып, жүйеде есептік кезеңдердің қажетті топтар санын құру және баптау мүмкіндіктері жүзеге асырылған. Есептік кезеңдердің құрылған топтарының олар қабылданған сыныптармен байланысы сыныпты құру барысында немесе сынып деректерін өңдеу кезінде жүзеге асырылады.

6.1 Есептік кезеңді құру

Есептік кезеңдердің жаңа тобын құру үшін келесі іс-әрекеттерді орындау қажет:

- «Әкімшілік ету» бөліміне кіру;
- «Кесте» блогындағы «Есептік кезеңдер» тармағына басу;
- «Кезеңді құру» сілтемесін басу.

Ашылған парақшада ауыстырып-қосқыш арқылы құрылып жатқан топтағы есептік кезеңдердің типін көрсету қажет: семестрлер, триместрлер, тоқсандар немесе модульдер. Ары

қарай берілген топ үшін түсінікті есептік кезеңдердің атауын енгізу және «Ары қарай» басу (35 сурет).

Атауы

Мысалы, Жалпы мектеп үшін тоқсандар немесе Бастауыш мектептің триместрі.

Типі

- Семестрлер
- Триместрлер
- Тоқсандар
- Модульдер

35 сурет – Есептік кезеңді құру

Міндетті түрде оқу жылындағы әрбір есептік кезеңнің басталу және аяқталуының дұрыс уақытын көрсету және «Сақтау» басу қажет (36 сурет). Қолайлылық үшін көмекші құрал-сайманды пайдалануға болады – күнді енгізу өрісімен жұмыс істеу барысында ашылатын күнтізбе.

Атауы

Мысалы, Жалпы мектеп үшін тоқсандар немесе Бастауыш мектептің триместрі.

Тоқсандар

1. бастап дейін

2. бастап дейін

3. бастап дейін

4. бастап дейін

Мерекелік күндер

2015 Жыл

2016 Жыл 6 шілде.

Мерекелік күндер

1 - 23 наурыз, 1 мамыр, 9 мамыр,

Бүгін: 4 наурыз 2016 г.

Сақтау немесе есептік кезеңдер тізіміне оралу

36 сурет – Есептік кезеңді баптау

Есептік кезеңдер тобының қажетті санын құру үшін берілген операцияны қайта жүргізу қажет.

Келесі бетте ағымдық оқу жылына сәйкес келетін елдегі өзекті мереке күндерін көрсету қажет болады (37 сурет). Ары қарай «Сақтау» басу.

Мерекелік күндер

2015 Жыл: 30 тамыз, 1 желтоқсан, 16 - 17 желтоқсан.

2016 Жыл: 1 - 2 қаңтар, 7 қаңтар, 8 наурыз, 21 - 23 наурыз, 1 мамыр, 7 мамыр, 9 мамыр, 6 шілде.

2015

тамыз							қыркүйек							қазан						
Дүй	Сей	Сәр	Бей	Жұм	Сен	Жек	Дүй	Сей	Сәр	Бей	Жұм	Сен	Жек	Дүй	Сей	Сәр	Бей	Жұм	Сен	Жек
					01	02		01	02	03	04	05	06				01	02	03	04
03	04	05	06	07	08	09	07	08	09	10	11	12	13	05	06	07	08	09	10	11
10	11	12	13	14	15	16	14	15	16	17	18	19	20	12	13	14	15	16	17	18
17	18	19	20	21	22	23	21	22	23	24	25	26	27	19	20	21	22	23	24	25
24	25	26	27	28	29	30	28	29	30					26	27	28	29	30	31	
31																				

қараша							желтоқсан						
Дүй	Сей	Сәр	Бей	Жұм	Сен	Жек	Дүй	Сей	Сәр	Бей	Жұм	Сен	Жек
						01		01	02	03	04	05	06
02	03	04	05	06	07	08	07	08	09	10	11	12	13
09	10	11	12	13	14	15	14	15	16	17	18	19	20
16	17	18	19	20	21	22	21	22	23	24	25	26	27
23	24	25	26	27	28	29	28	29	30	31			
30													

37 сурет – Мерекелік күндер

6.2 Есептік кезеңді реттеу және жою

Есептік кезеңдердің берілген топтарын реттеу қажет болған жағдайда келесі іс-әрекеттерді орындау қажет:

- «Әкімшілік ету» бөліміне кіру;
- «Кесте» блогындағы «Есептік кезеңдер» тармағына басу;
- ақпаратын өңдеу қажет болатын есептік кезеңдер топтарының атауына басу.

Өңдеу режимінде төмендегілер қолжетімді:

- есептік кезеңдер топтарының атауын сәйкес өрісте өзгерту;
- топтағы әрбір есептік кезеңнің басталу және аяқталу күндерін өзгерту.

Барлық өзгерістерді сақтау үшін – «Сақтау» түймешігін басу.

Есептік кезеңдердің тобын жою үшін:

- «Әкімшілік ету» бөліміне кіру;
- «Кесте» блогындағы «Есептік кезеңдер» тармағына басу;
- ақпаратын жою қажет болатын есептік кезеңдер тобының атауына басу;

- оң жақтан «Жою» тармағын басу. Ашылған терезеде жоюды растау үшін «Ия, жою!» түймешігін басу қажет.

Ескерту: есептік кезеңді жою, егер берілген кезеңнің сыныппен байланысы жоқ болған жағдайда ғана мүмкін болып табылады.

7. «Кесте» модулімен жұмыс

Сыныптың сабақтар кестесімен жұмыс шеңберінде жүйе келесілерге мүмкіндік береді:

- бір немесе бірнеше сыныптар үшін оқу жылына қоңыраулардың кестелерін құру;
- сыныптар бойынша оқу жылына сабақ кестелерін құру;
- сабақ кестелерін өңдеу: сабақтарды қосу немесе жою.

«Қызметкер» рөліндегі қолданушылар үшін сабақтардың кестесі «Мектеп»/«Кесте» бөлімінде қолжетімді. Өтуді орындағаннан кейін келесі қосымша беттерден тұратын кесте парақшасы ашылады:

- «Сыныптар» (сыныптар тізімінен тұрады; сыныптың атауына басу барысында берілген сынып үшін кесте ашылады);
- «Мұғалімдер» (мұғалімдер тізімінен тұрады; мұғалімді таңдау барысында сабақ өткізілетін оқу сыныбы көрсетілетін берілген оқытушының кестесі ашылады);
- «Сабақтар» (таңдалынған сүзгілер бойынша сабақтардың тізімі көрсетіледі);
- «Кабинеттер» (мектеп кабинеттеріндегі сабақтар тізімін көрсетеді);
- «Қоңыраулар» (қоңыраулар кестесі).

Кестені экспорттап және басып шығаруға болады.

7.1 Қоңыраулар кестесін құру

Қоңыраулар кестесін құру және жариялау сынып кестесінде және қолданушылардың жеке күнтізбелерінде сабақтардың басталу және аяқталу уақытын көрсетуге мүмкіндік береді.

Жүйеде қоңыраулар кестесінің қажетті санын құру мүмкіндігі ескерілген: жеке алынған сынып, таңдалынған бірнеше сыныптар, параллельдер үшін және т.б.

Олардың әрқайсысына сыныптармен және сабақтардың кестесімен байланыс құру барысында шатасып кетпеуге мүмкіндік беретін сәйкес атаулар меншіктеледі.

Қоңыраулар кестесін құру үшін келесі іс-әрекеттерді орындау қажет:

- «Әкімшілік ету» бөліміне кіру;
- «Кесте» блогындағы «Қоңыраулар» басу;
- ашылған парақшада қоңыраулар кестесіне арналған атауларды түсінікті және қарапайым түрде енгізу, мысалы «Бастауыш мектепке арналған қоңыраулар кестесі»;
- құрылған кестеде нешінші сабақтан бастап нөмірлеу басталатынын белгілеу:

- біріншіден немесе нөлдіктен;
- құрылатын кестенің типін таңдау: «Толық апта үшін бірдей», «Жұмыс және демалыс күндерінде әр түрлі» немесе «Күн сайын әр түрлі» (38 сурет). «Жұмыс күндерге және демалыс күндерінде әр түрлі» кестесінің типі оқу аптасында дүйсенбіден жұмаға дейінгі қоңыраулар кестесі сенбі және жексенбідегі қоңыраулар кестесімен сәйкес келмесе таңдалынады. «Күн сайын әр түрлі» кестенің типі оқу аптасының әрбір күніне арналған бірегей кестені құруға мүмкіндік береді;
 - өткізілетін сабақтардың уақыттары сәйкес келіп қалмауын қамтамасыз ете отырып, әрбір сабақтың басталу және аяқталу уақытын енгізу (39 сурет). Қоңыраулар кестесінен сабақты алып тастау үшін сабақ нөмірі жанындағы өрістен сәйкес қанатшаларды алып тастау қажет;
 - деректерді тексеру және «Сақтау» басу.

№1 Мектеп-гимназия > Әкімшілік ету > Қоңыраулар кестелері

Негізгі қоңырау кестесі (жарияланды)

Атауы

Мысалы, Негізгі қоңыраулар кестесі немесе Бастауыш мектептің қоңыраулар кестесі

Сабақтардың белгіленуі

Нөлдік сабақтан бастау

Бірінші сабақтан жасау

Қоңыраулар кестесінің типі

Толық апта үшін бірдей

Жұмыс және демалыс күндерінде әр түрлі

Күн сайын әр түрлі

38 сурет – Қоңыраулар кестесінің типі

Дүйсенбі - Жұма					Сенбі - Жексенбі				
Сабақ		Басталуы		Соңы	Сабақ		Басталуы		Соңы
1	<input checked="" type="checkbox"/>	08	:	15	—	09	:	00	
2	<input checked="" type="checkbox"/>	09	:	10	—	09	:	55	
3	<input checked="" type="checkbox"/>	10	:	05	—	10	:	50	
4	<input checked="" type="checkbox"/>	11	:	10	—	11	:	55	
5	<input checked="" type="checkbox"/>	12	:	10	—	12	:	55	
6	<input checked="" type="checkbox"/>	13	:	10	—	13	:	55	
7	<input checked="" type="checkbox"/>	14	:	00	—	14	:	45	

39 сурет – Қоңыраулар кестесін құру

7.1.1 Қоңыраулар кестесін жариялау

Қоңыраулар кестесі жарияланғаннан кейін ғана өз күшіне еніп және қолданушылардың парақшаларында көрінеді. Қоңыраулар кестесін жариялау әдетте оны құруды аяқтағаннан кейін «Жариялау» түймешігін басу арқылы жүзеге асырылады.

Қоңыраулар кестесін кез-келген басқа қолайлы уақытта (мысалы, деректерді нақтылағаннан кейін) жариялау үшін келесі іс-әрекеттерді орындау қажет:

- «Әкімшілік ету» бөліміне кіру және «Кесте» блогындағы «Қоңыраулар» тармағын басу. Ашылған парақшада жариялау үшін таңдалынған қоңыраулар кестесінің атауы көрсетілген сілтемені басу;
- ашылған өңдеу бетінде кесте деректерін тексеру және «Жариялау» түймешігін басу.

7.1.2 Қоңыраулар кестесін өңдеу және жою

Қоңыраулар кестесін өңдеу үшін келесі іс-әрекеттерді орындау қажет:

- «Әкімшілік ету» бөліміне кіру және «Кесте» блогындағы «Қоңыраулар» тармағын басу. Ашылған парақшада өңдеуді қажет ететін қоңыраулар кестесінің атауы көрсетілген сілтемені басу;
- қажетті түзетулерді енгізу: кесте типін, сабақтардың көрсетілген өткізілу уақытын немесе сабақтар санын өзгерту;
- деректерді тексеру және «Сақтау» түймешігін басу.

Қоңыраулар кестесін жою үшін келесі іс-әрекеттерді орындау қажет:

- «Әкімшілік ету» бөліміне кіру және «Кесте» блогындағы «Қоңыраулар» тармағын басу. Ашылған парақшада жою қажет болатын қоңыраулар кестесінің атауы көрсетілген сілтемені басу;

- ашылған парақшаның оң жақ жоғарғы бұрышындағы «крест» таңбашасын басу, ары қарай ашылған парақшада «Ия, жою!» түймешігін басу арқылы жоюды растау.

7.2 Сабақтар кестесін құру

